
Сәулет-құрылыс факультеті
Дизайн және инженерлік графика кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор



Е.Б. Сыдықов
2020 ж.

**«БВ02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» білім беру саласы бойынша
«В031-Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны» білім беру
бағдарламасы тобына онлайн форматында өтетін
«Сурет» бірінші шығармашылық емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Әзірлеушілер:

т.ғ.д., профессор А.К. Байдабеков
т.ғ.к., профессор У.К. Кусебаев
магистр, аға оқытушы Г.К. Тулеуова

«Сурет» шығармашылық қабылдау емтиханының түсу бағдарламасы «Дизайн және ИГ» кафедра отырысында талқыланды,
« 30 » 05 2020 ж. № 11 хаттама

Кафедра менгерушісі  А.К. Байдабеков

Факультеттың оқу-әдістемелік комиссиясымен (ОӘК) мақұлданды
« 15 » 05 2020 ж. № 10 хаттама

ОӘК төрағасы  Б.О. Нухаева

Факультет деканы  С.К. Баймуханов

Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор  Е.А. Оңғарбаев

Мазмұны

№	Атауы	бет.
1	Жалпы ережелер	4
2	Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі	4
3	Бағалау критерийлері	7
4	Емтихан тапсырмаларының тақырыптары	8
5	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	9

1. Жалпы ережелер

1. Шығармашылық қабылдау емтиханының бағдарламасы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламасы тобына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ білім беру бағдарламасы тобын іске асыратын ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

3. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

4. Шығармашылық емтихандарды «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының пәндік комиссиясы өткізеді.

5. «Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша әрқайсысы үш сағатқа созылатын 2 шығармашылық емтихан өткізіледі.

6. Шығармашылық емтихандар 2020 жылдың 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

7. Білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен мазмұны «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасымен дербес анықталады.

8. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссиялар құрылады.

9. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

10. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ өткізетін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны - 5 балдан кем емес.

11. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан кем алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

Қалыпты режим кезінде

1. Шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының оқытушылары мен емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде пәндік комиссиясы төрағасының рұқсатынсыз аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.